

Жаңа 2023 жыл құтты болсын!

ШӘКӘРІМ ШАҢҒЫРАҒЫ



2022 жыл
№12 (148) желтоқсан

Ақпараттық-танымдық басылым

ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

2022 жыл – Барыс жылы тарихтың қойнауына кетіп, Қоян жылы есіктен ентелеп тұр. Қазақ елі үшін саяси бұлқыныстармен басталған үстіміздегі жыл жаңаша ойлау мен тың серпілістердің, қарымды қадамдар мен батыл шешімдердің жылы болды.

Ұлттық құндылықтарды әрбір жастың бойына сіңіруді басты мақсат еткен Шәкәрім шаңырағы Барыс жылы ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Ол ұйыған ұжымның ауызбірлігінің, ырысты ынтымағының арқасында.

Биылғы жыл семейліктер үшін берекелі болды. 25 жылдан кейін облыс мәртебесі қайта оралды. Қарашаңырағымызға артылар жүк еселеніп, үлкен міндеттер қойылды.

Шәкәрім университетіне түскендердің **73%-ы мемлекеттік грант** иегерлері. Бұл көрсеткіш университеттің сапалық деңгейін айқындайды. Жарма ауданында **«Шәкәрім керуені»** жобасы басталды. Жоба барысы Аягөз, Үржар, Абай, Көкпекті, Ақсуат және т.б. аудандарында жалғасын табады. Сондай-ақ, Абай облысының дарынды мектеп түлектерін қолдау мақсатында келер жылы **«ДАРЫН FEST»** өңірлік форумды ұйымдастыру қолға алынбақ.

Бірқатар профессор-оқытушыларымыз білім мен ғылым саласындағы табысты еңбектері үшін мемлекеттік марапаттарға ие болды. Оқу

орнымыздың ғылыми әлеуеті бірқатар мамандармен толықты. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғағандар саны - **12**. Алғашқы рет білім ордасында **5 бағыт бойынша докторантурадан кейінгі бағдарлама аясында 7 жоба** орындалуда. Білім алушылардың стартап жобаларын қаржыландыру ұлғайды. Жас ғалымдарымызды қолдау мақсатында алғашқы рет университетішілік конкурс жарияланды. Ағымдағы жылы құны **1 млрд-қа жуық қаржыға 18 ғылыми гранттық жоба жүзеге асуда.**

Өңірдің әйгілі тұлғаларын дәріптеу және насихаттау бағытында **«Семей рухы»** кешенді жобасы іске асуда. Бүгінгі таңда айтулы тұлғалардың атында 50-ге жуық мамандырылған аудиториялар, дәрісханалар мен конференц-залдар ашылды. Талантты студенттердің оқу, қоғамдық қызмет, ғылыми жетістіктерін қолдау мақсатында **«Үздік студент»** жобасы іске асуда. **100 үздік** білім алушыға бір реттік шәкіртақы табыс етілді. Биылғы жылы студенттерді әлеуметтендіру, қоғамдық жұмыстарға қатысуға ынталандыру және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру мақсатында **«Әлеуметтік кредит»** жобасы қолға алынды. Әлеуметтік кредит аясында 10 әртүрлі бағыт бойынша 400 қызмет түрі ұсынылды. 1000-нан астам студент халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанды. Біздің спортшыларымыз – Азия, ТМД,

ҚР чемпионаттарының жеңімпаздары.

Ертең есік қаққалы тұрған 2023 жыл да еліміз үшін елеулі жыл болмақ. Ең бастысы, осы жылы ғұлама философ Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойын атап өтеміз.

Қадірменді Шәкәрім шаңырағының ұжымы! Университетіміздің әрбір жетістігі Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен жалынды ынта-жігерлеріңіздің арқасында орындалып жатқандығын ерекше атап өткім келеді. Бүгінгі қоғам біздерге үлкен міндеттер артуда. Күннен күнге білім мен ғылымның нарқы өсуде. Біздің, яғни, Шәкәрім шаңырағының негізгі миссиясы тағы да қайталап айтамын тәуелсіз елдің кемел адамын қалыптастырып шығару. Ол үшін бізге ауызбірлік керек, ынтымақ керек, Абай айтқандай ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек керек.

Жаңа жыл жаңа табыстарға жетелей берсін!

2023 жыл тәуелсіз еліміздің мерейін үстем етуде ынтымағымызды жарастыратын, асқаралы биіктерді бірге бағындыратын берекелі де, мерекелі жыл болсын!

Келер жыл қазақ еліне барлық жақсылығымен, ырыс-берекесімен, құт-қуанышымен келсін!

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы – Ректор
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**



ҚАБАНБАЙ ТҰЛҒАСЫ АУЫЗША

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта, халқымыз тарихының өткен кезеңдеріндегі ел бірлігі мен тұтастығы үшін бүкіл саналы ғұмырларын отан қорғау ісіне арналған хандық дәуірдегі қазақ мемлекеттігінің әскери қайраткерлеріне де көңіл бөлінуде.

Осы ұстанымның бүгінгі және келер ұрпақтың рухани болмысын, отансүйіштік қасиеттерін нығайтуға тікелей қажеттігін ҚР Президенті Қ. К. Тоқаев та өзіннің “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” мақаласында атап көрсеткен еді.

XVIII ғасырдағы хандық дәуірдегі қазақ мемлекеттілігінің қарулы күштері, далалықтардың, оның ішінде қазақтардың соғыс өнері сияқты саласы және сол заманның әскери тұлғалары мәселесі бүгіндері отандық тарихтың енді ғана зерттеле бастаған тақырыптарының қатарына жатады.

Осы тұрғыдан келгенде, 15 желтоқсанда Шәкәрім университетінде «Батыр бабалардың отан қорғаудағы ерліктері: тарих және тағлым» тақырыбында өткен ғылыми конференция өзекті мәселеге, XVIII ғасырдағы қазақ мемлекеттілігі – Қазақ хандығының ірі қолбасшыларының бірі, шамамен туғанына биыл 330 жыл толған, кезінде туған халқынан “Дарабоз” деген атақ алған Қаракерей Қабанбай батырдың тарихи тұлғасына арналды. Осы тұрғыдан келгенде, атаулы конференцияны аса жауапкершілікпен, жоғары деңгейде өткізген Шәкәрім университетінің ұжымына, оған қатысушылардың ризашылығы үлкен болды.

Қабанбай батырға қатысты осы күнге дейін белгілі болған біршама деректер сақталған. Оның бір бөлігі ғасырлар қойнауынан келе жатқан, тарихи оқиғаларға құрылған әңгімелер және XVIII ғасырдағы батырдың замандастары, ақын-жыраулардың туындылары сияқты ауызша деректер. Әрине, бүгіндері бұлар негізінен қағаз бетіне түсірілген. Деректердің екінші бір бөлігі, түрлі архив қорларындағы құжаттар, сол заманда өмір сүрген ресейлік мемлекеттік чиновниктердің, қазақ даласына келген саяхатшылардың және т.б. еңбектері.

Біздердің ертеден пайдаланып келе жатқан архивтік деректердің біршамасы Ресей архив мекемелеріндегі қорлардан алынғандар. Ал, соңғы 30 жылдың ішінде Қытайдың архив қорларындағы, біз үшін тың деректер қазақ тіліне аударылып, ел игілігіне айналып отыр.

Жалпы, Қабанбай батыр тұлғасына арналған ғылыми негіздегі зерттеулер жоқтың қасы. Әрине, отаншыл азаматтардың Қабанбайға қатысты ел аузындағы деректерге сүйеніп жазған, жұртшылық жылы қабылдаған еңбектерінің де бар екендіктерін айтамыз. Сол сияқты

жазушылардың да Қабанбайға арналған тарихи көркем шығармалары бар. Десек те, бүгінгі күнге дейін, дарабоздың өміріне, әскери қызметіне арналған арнайы ғылыми зерттеу еңбектері жоқ, ол бірнәрсені мақалалардан әрі аспай отыр.

Қабанбай батыр өз заманында тек батырлығымен, қолбасшылығымен ғана көзге түспеген, ол сонымен бірге, мемлекет қайраткері де. Қазақ даласындағы болып жататын үлкенді-кішілі саяси істерге де үнемі араласып отырғанын және сөзінің салмағы болғанын, бүгінгі күнге дейін келіп жеткен деректер дәлелдейді. Оның бейнесі туған халқының сан ғасырлық тарихи жадында үлкен адами қасиеттерімен сақталған.

Қабанбай қашан да, ел бірлігі үшін күрескен тұлға. Кезінде ол Әбілмәмбет және Абылай хандарға сүйеніш бола білді. Қабанбайдың өз еліне қандай қадірі болғанын Бұхар, Үмбетей сияқты жыраулардың айтқандарынан да білеміз. Осы тұрғыдан алғанда, XVIII ғасырдың ерекше бір тұлғасы, өзі би, өзі жырау, үйсін Сарышуаштың «Уа, Қабанбай, көзелім!» деген толғауы ерекше. Оны 1953 жылы белгілі тарихшы-ғалым, марқұм Әбдікәрім Хасенов Талдықорған облысының Жансүгіров селосында тұрған, ескіні көп білген, жасы сол кезде тоқсаннан асқан Қарақұланның Мұхамбетшесі деген қариядан жазып алды. Ол кісі: «Қарағым, бұрынғы даналар айтқан сөз еді. Ата-бабаларымыз бізге жаттатты. Енді, сендер жазып алып, сақтаңдар. Түбі, бір кәдеге жарар, асыл пышақ қап түбінде жатпас» деп бір тоқтап, одан әрі: «Қазақ-қалмақтың жаугершілік заманында үйсінде Сарышуаш жырау деген көріпкел әулие өтіпті. Жақынды жақыным деп өзіне тартпайды екен, алысты алыссың деп бетінен қақпайды екен. Әділдігін айтатын қасиетін қадірлеген елі, бидің алдынан батасын алып, тарабатын болған. Қабанбай батырдың науқасы меңдеп жатыр дегенді естіп, Сарышуаш шешен елінің игі жақсыларын ертіп, Арқаға оның көңілін сұрауға аттанады. Сонда осы толғауды айтады», - деп әңгімелепті. Толғаумен танысқанда, мынандай жәйттерге көңіл аударуға тура келеді. Ол заманда қазақтың жеріне жау келе жатыр дегенді естіп, оларға қарсы тұруға, жан-жақтан жиналған қазақ қолының алдында, елдің тағдырын шешетін ертеңгі соғыста ескерді кім басқарады деген сұрақ тұратын көрінеді. Сонда қазақтың қол бастаған батырлары, ел билеушілері ертеңгі соғысты басқаратын қолбасшыны таңдайды екен. Ол туралы Сарышуаш: «Қалмаққа жорық жол шықса, Күн көзіне симаған, Ай жүзінде айылын жимаған, Алаштың ауыр қолына, Ағалыққа ұнаған, Дарабозым, Қабанбай» дейді. Қабанбайдың теңдесі жоқ дара тұлғасын танытуда, шындықты

бұрмаламайтын, заманының әділ куәгерлері Бұхар мен Сарышуаштың жырларынан артық қандай дерек керек? Сонымен бірге, Сарышуаштың «Қайратыңа бақ тұрған, Абылай сынды төреңіз, Қасыңа әкеп тақ құрған» деуі Абылайға Қабанбайдың қаншалықты сүйеніш болғанын да көрсетеді. Жырау о дүниелік болғалы жатқан батырдың басында тұрып: «Қарындасты маңдайынан сыйпаған, ұланды бауырына басқан, қазақтың баласына пана болған енді сендей кісі бар ма екен?» – деп толғанады.

Тағы бір көңіл аударатын, ел ішінен алынған бір деректі Манаш Қозыбаев өзінің «Шақшақ Жәнібек батыр» деген зерттеуінде келтіреді. Деректе былай делінеді: «Бірде қара қыпшақ Ерназар батыр Жәнібектен:

Өміріңізде кімнің ерлігі ерең деп білесіз? – деп сұрапты. Сонда Жәнібек:

Өткендегі, бергідегі қазаққа Қабанбайдан артық батыр болған емес.

Қабанбай аруақты батыр еді, бір өзі келе жатқанда екпінінен 400-500 адамның дүмпуі білінетін. Қабанбай қара нөпір жауға тиіскен кезде, кірген жағы есік, шыққан жағы жол болып қалушы еді, - деген екен. Бұл жақынына да, досына да әділ бағасын беретін, заманының артық туған тұлғасы, арғын Жәнібек батырдың Қабанбайға берген бағасы.

Ресейдің мемлекеттік көне актілер архивінің қорларындағы XVIII ғасырдың 40-шы жылдарындағы қазақ-орыс, қазақ-жоңғар қатынастарына қатысты құжаттарда Башқұрттың Ресей билігіне қарсы көтерілісінің басшысы Қарасақалдың істері сақталған. 1740 жылы көтеріліс аяусыз басылғаннан кейін Қарасақал қазақ ішіне қашып келеді. Алғашында, ол Қазыбек биге барады, бірақ патша өкіметі оны іздестіре бастағанда, Қазыбек Қарасақалды Қабанбайға асырып жібереді. Қарасақал қазақ жеріне келгесін өзін Ғалдан Сереннің бала кезінде өліп қалған, бірақ шын мәнінде тірі бауыры Шона едім деп таныстырады. Бұл хабар жоңғарларға да жетеді. Ғалдан Серенге қарсылар, таққа нағыз мұрагерді отырғызудың керектігін айта бастайды. Бұл жағдай қоңтәжіні қатты алаңдатады және оны ұстап беруді қазақтардан талап етеді. Бірақ қазақ жағы оны жоңғарларға бермейді. Бұл адам, 1749 жылы өз ажалынан қайтыс болыпты. Осы туралы кезінде, Шоқан Уәлиханов «Шона батыр» тарихи әңгімесін жазған. Белгілі бурят тарихшысы Ш.Чимитдоржиев осы мәселеге байланысты: «... в ухудшение состояния казахско-джунгарских отношений в 40-х годах немалую лепту вложил этот самозванец. Связь его с Кабанбаем, одним из организаторов борьбы с джунгарами, может являться этому ярким свидетельством» - дейді.

1935 жылы Мәскеуде шыққан «Мате-



ЖӘНЕ ЖАЗБАША ДЕРЕКТЕРДЕ



риалы по истории каракалпаков» деген жинақта да Қабанбай батырға байланысты деректер бар. 1751 жылы қоңтәжі Лама-Доржы Шыршық бойындағы жоғары қарақалпақтарды Жоңғарияға көшіңдер, тыныш өмір сүресіңдер деп елшілерін жібереді. Жан-жақтан жүріп жатқан соғыстардан запы болған қарақалпақтар бас кезінде бұған көніп қалады. Қоңтәжі 1752 жылы бұларды көшіріп әкетуге 1000 әскері бар, бір зайсанды жібереді. Көшу мәселесі қабырғадан қойылғанда қарақалпақтар: «Онда барған соң тілімізді, ғұрпымызды ұмытамыз, пұтқа табынуға мәжбүр етеді» деп, барудан бас тартады. Сөздерінен тайып кеткендері үшін оларды жазалауға қоңтәжі 3000 адамдық әскер жібереді. Міне, осы туралы белгілі орыс тарихшысы В.В. Вельяминов-Зернов: «Встревоженные каракалпаки тотчас же послали человека к знатному старшине средней орды найман-кирейского рода Кабанбай батыру, объявить ему, что они готовы лучше отдаться на волю киргизов и жить у них в орде, чем быть подданными джунгаров. Посланный просил Кабанбая как можно скорей собрать людей и перевести каракалпаков в степь, где они станут кочевать своим улусом. Кабанбай с радостью

принял предложение и тотчас же двинулся в поход вместе с сыном Барака Ханбабой» дейді. Бұдан көретініміз, Қабанбай сияқты халық ұлдарының ел қамы үшін қай жерде қандай шиеленіскен жағдай туа қалса, сол жерден табылулары.

Сол сияқты «Ресей империясы сыртқы істер архиві» қорларында да Қабанбай батырға байланысты деректердің біршама екендігін байқаймыз. Солардың Қазыбек биге және Қабанбай батырға арналғандарының бірінде, олар Әбілхайыр ханның өліміне байланысты Бопай ханымға көңіл білдіре отырып, оған себепші Барақты айыптайтындарын және елді бүліншілікке әкелуі мүмкін осындай оқиғаларға алдағы уақыттарда жол бермеуді айтады.

Қазақ пен ойраттың арасындағы сонау 1723 жылдан басталатын, 30 жылдан астам уақытқа созылған соғыстың соңғы шайқастарының, шиеленісті оқиғаларының Алтай, Тарбағатай, Жетісу өңірлерінде және Ертіс бойында жүргені белгілі. 1980 жылы новосібірлік, Ресей тарихшысы В.С. Кузнецовтың «Наука» баспасынан «Амурсана» кітабы жарық көрді. Онда Жоңғарияны бағындырған екпінімен қазақ жеріне кірген қытайларға қарсы тұрған

қазақ әскерінің бір бөлігіне Абылайдың, ал екінші бөлігіне Қабанбайдың қолбасшылық жасағаны айтылады.

Ал, Омбы облыстық мемлекеттік архивінің №1 қорындағы, 1760 жылмен көрсетілген деректерде, бір кездерде Жоңғар қоңтәжілерінің үргесі тұрған Құлжа аймағына әскер кіргізу және оған руларды көшіру туралы Абылай сұлтанның атынан Қабанбайдың Райымбекке берген бұйрығы айтылыпты. Тегі бұл бұйрықтың берілу уақыты қазақ пен қытайдың қақтығыс жағдайларында болған кезеңге жататын сияқты. Ал, қазақ пен қытай қатынастарының реттелуі 1762 жылдан басталатыны белгілі.

Сөзімізді түйіндей келе айтпағымыз, Қабанбай сияқты қазақтың әр кезеңдердегі ірі қолбасшыларына қатысты толып жатқан бүгінгі аңыздардан аулақ, ғылыми негіздегі зерттеулерді жүргізу және арнайы еңбектерді шығару, біздің елдігімізді көрсететін қажеттілік екендігі.

**Мұхтарбек Кәрімов,
тарих ғылымдарының
кандидаты, профессор**



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ



Жаңа Қазақстанның дамуы халыққа білім беру ісі мен ғылымның дамуына тікелей байланысты. Алайда ғылымды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат пен бөлініп жатқан қомақты қаржыға қарамастан, еліміз қазіргі таңда ғылым мен инновациялар саласындағы әлемдік рейтингте көздеген көрсеткіштерге ие бола алмай отыр.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2020 жылы ғылым саласында 22665 ғалым жұмыс істейді оның ішінде маман – зерттеушілер 18228, ал олардың тек 35%-ының ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар, яғни 1883 ғылым докторы, 4324 ғылым кандидаты, 1755 философия докторы (PhD) және 62 ғылым докторы. Жастарына қарай – 35 жасқа дейінгі жас ғалымдар 35%, орта буын 55 жасқа дейінгі ғалымдар 40%, ал 55 жастан асқандар 25% құрайды. Осы ғалымдардың ішінде әйелдердің үлесі – 53%, ерлер – 47%.

Ғалым еңбегінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – әртүрлі елдердің ғалымдары әлемдік білім қорына өз үлесін қосатын ғылыми жарияланымдар. Сәйкесінше, ғылыми басылымдардың халықаралық деректер базалары ғылымметриялық көрсеткіштерді алудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақстанның 2018-2020 жылдарға арналған басылымдар массиві 129 ұйымға тиісті, оның ішінде жоғарғы оқу орны – 73, ғылыми институттар – 51, қоғамдық ұйымдар – 5. Ғылыми еңбектердің 90%-дан астамы немесе 10993 жарияланым университет оқытушы - профессорларының қатысуымен дайындалған.

2022-2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ғылымын дамыту тұжырымдамасында келтірілген мәлімет бойынша 2020-2021 оқу жылында магистрлерді дайындауды 109, философия докторларын дайындауды (PhD) – 79 білім беру ұйымы жүзеге асырды. 2020 жылы докторантураға 6914 адам

қабылданып, докторанттардың саны ең жоғары көрсеткішке жетті. 2020-2021 оқу жылында докторантураны бітіргендер саны 1446 адам болса, олардың ішінде диссертация қорғағандары 478 докторант болды. Бұл көрсеткіш барлық түлектердің 33% - ға жуығын ғана құрайды. Ал қалған 67% бітіруші қашан қорғайды, қорғай ма, жоқ па? Олар еліміздің ғылыми потенциалын дамытатын ғылыми кадрлар бола ала ма деген заңды сұрақ туады. Бұл мәселені шешу үшін не істеу керек?

Жыл сайын магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы өсіп, оларды даярлауға мемлекеттік гранттар саны артып келеді.

2021-2022 оқу жылында магистратураға 12005, докторантураға 1815 мемлекеттік грант бөлінді. Оның елеулі үлесі педагогикалық және инженерлік ғылымдарға тиесілі.

Ғалымдарды даярлау мәселесі негізінен магистратура мен докторантурада жоғары оқу орындарында жүргізіледі. Сондықтан осы бағыттардағы білім беру бағдарламаларын күтілген нәтижеге қол жеткізетіндей етіп өзгерту бүгінгі күннің талабы болып отыр. Педагогикалық ғылымдар бойынша білім беру классификаторы негізінде магистратура мен докторантура 10 бағытта даярланады. Еліміздегі педагог мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында түгелдей дерлік магистратураны даярлағанмен, 30 университет пен ғылыми зерттеу институттарында 153 білім беру бағдарламасы бойынша докторанттар даярланады.

Мемлекеттік білім беру гранттары докторантура үшін ғылыми облыс бойынша берілісін.

Бірінші курс докторанттары еліміздің бір немесе екі университетінде бірыңғай оқу жоспары бойынша білім алып, сол арқылы алғашқы кезеңде болашақ жас ғалымдар арасында ғылыми ынтымақтастық орнатады. Бірінші курсты бітіргеннен кейін докторант өз қалауы бойынша білім беру бағыты мен ғылыми жетекшіні таңдайды. Бұл педагогикалық-профессорлық құрамның бәсекелестігін арттырып, докторанттарды даярлаудың тиімділігі мен сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Диссертациялық кеңестерін білім беру бағдарламалары бойынша емес, білім беру бағыттары бойынша құру керек. Себебі жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша ғалымдардың саны білім беру бағдарламалары бойынша өңірлік университеттерде жеткіліксіз. Сонымен қатар, диссертацияны қорғау процесі де тиімді жүрер еді.

Кез келген университет нормативті құжаттар мен мына талаптарды сақтай отырып, докторанттарды бірінші курста даярлау конкурсына қатыса алады: профессор-оқытушылар құрамы үшін үш тілді білуі, ғылыми дәрежесінің болуы, сол ғылым саласы бойынша шетелде тағылымдамадан өтуі; ал университет үшін заманауи материалдық-техникалық база, қажетті ғылыми әдебиеттермен, қуаты 250-500 Мбит/с болатын кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі докторанттар-




Бүгінгі таңда магистратураға мемлекеттік гранттар дайындық тобы, ал докторантураға дайындық бағыты бойынша бөлінеді. Ғылым жолын енді бастайтын жас бакалаврлар мен магистрлерге өзінші білім деңгейін, ғылыми қызығушылығын нақты бағдарлау үшін мынандай ой-пікірді ұсынуды жөн көрдік.

Мемлекеттік білім беру гранттары магистратура үшін даярлау бағыттары бойынша берілісін. Магистранттар бірінші семестрден кейін университет ішінде конкурстық негізде білім беру бағдарламасын және ғылыми жетекшіні таңдайды. Бұл профессорлық-оқытушылық құрам арасында бәсекелестік ортаны құрауға, сол арқылы магистрант даярлаудың тиімділігі мен сапасын және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға еңбек нарығында мүмкіндік береді.

ды бірінші курста даярлау үшін университеттер арасында ашық конкурс ұйымдастыруы қажет.

Осы айтылған ой-тұжырымдар Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарында көрініс тапса, еліміздің болашақ ғалымдарын даярлауда оң өзгерістерге жол ашады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, 2022-2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ғылымын дамыту тұжырымдамасының жүзеге асыру жоспарының орындалуына өз үлесін қосады.

Оралтай ЖОЛЫМБАЕВ,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты



БІЛІМ ГРАНТЫНА ҮМІТКЕР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ ...

Құрметті студенттер, магистранттар! Егер сіз оқуға түскенде грант алғандардың қатарына ілінбей, ақылы негізде білім алып жатқан болсаңыз, босаған гранттарға ауысу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз.

Сіз оқып жатқан білім беру бағдарламаларының тобы бойынша босаған грант болған жағдайда және де сіздің GPA көрсеткіші жоғары болса, сол грантқа ауысу үшін не істеу керек? деген сұрақ туындайды.

Осы және басқа да сұрақтардың жауабы бойынша Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының жетекшісі Айнур Рахымбердиевадан сұраған болатынбыз.

– **Босаған гранттар конкурсына кімдер қатыса алады?**

– Босаған гранты бар курс бойынша және сол білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негіздегі білім алушылар қатыса алады.

– **Конкурс қай кезде өткізіледі?**

– Конкурс жылына екі рет өткізіледі: жазғы және қысқы сессия аяқталған уақытта. 2022-2023 оқу жылының қысқы сессиясы нәтижелері бойынша босаған гранттар конкурсы 2023 жылдың қаңтар айының 19-20 аралығында өткізіледі. Мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар.

– **Конкурсқа қатысу үшін құжаттар қай уақытқа дейін қабылданады?**

– Биылғы жылы босаған гранттар конкурсына қатысу үшін құжаттар 2023 жылдың қаңтар айының 16-шы жұлдызына дейін қабылданады.

– **Қандай құжаттар қажет?**

– Біріншіден, **әр студент өз факультетінің деканатына барып өтініш жаздады. ЭЦҚ арқылы транскрипт алу үшін тапсырыс береді.** Ол үшін сіз sdo.semgu.kz – Документооборот – Создать – Заявления online – Заявление на получение транскрипта – Подписать документ батырмаларын басып алуыңызға болады.

– **Конкурс қалай өткізіледі?**

– Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығымен бекітілген комиссия білім алушылардан келіп түскен өтініштер мен транскрипт негізінде саралау жүргізеді. Ең жоғары GPA көрсеткіші бар білім алушы грант тағайындауға ұсынылады.

– **Босаған гранттың қандай түрлері болады?**

– Босаған гранттардың түрлері: мемлекеттік білім беру гранты және жергілікті атқарушы органдарының гранты (әкім гранты).

– **Екі білім алушының GPA**

көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қалай қарастырылады?

– Үлгерімінің GPA орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда бүкіл оқу кезеңінде бағалары А, А- («өте жақсы») білім алушылар ғана басым құқыққа ие. Келесі кезекте – А, А- («өте жақсы») бастап В+, В, В-, С+ («жақсы») дейінгі бағалар, бұдан әрі – аралас бағалар қараластырылады.

– **Студентте қайта тапсырылған (пересдача) пән болса, босаған гранттар конкурсына қатыса алады ма?**

– Иә, қатыса алады.

Босаған гранттар бойынша конкурс туралы толық ақпаратты қайдан білуге болады?

Босаған гранттар бойынша конкурс туралы толық ақпарат университеттің Академиялық саясатында берілген <https://shakarim.edu.kz/pages/obrazovaniye/akademicheskaya-politika> - «Білім беру» - «Академиялық саясат» батырмасы арқылы біле аласыздар.

– **2022-2023 оқу жылының қысқы сессиясы нәтижелері бойынша босаған гранттар қандай білім беру бағдарламаларында бар?**

– Аталған оқу жылының қысқы сессиясы аяқталғаннан кейін қаңтардың 5-6 аралығында білім беру бағдарламалары бойынша босаған гранттар тізімі университеттің ресми сайтында (<https://shakarim.edu.kz/pages/studentam/vakantnyye-granty> «Студенттерге» - «Ваканттық гранттар»), әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда жарияланатын болады. Қымбатты, білім алушылар! Кез-келген курста босаған гранты иеленіп шәкіртақы алу мүмкіндігіне ие болу үшін GPA көрсеткіші жоғары болуы керек. Қатысушыларға сәттілік тілейміз!

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

**Сұхбаттасқан:
Шырын ЕЛТАЙ**

ШӘКӘРІМДЕ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Оқу орнының «Радиоэкологиялық зерттеулер» ҒО базасында «Материалдардың бетін түрлендіру» ғылыми орталығының ашылу рәсімі өтті. Рәсімге ЖОО басшылары, шетелдік және отандық ғалымдар, Семей медициналық университеті, Plasma Science, Спектрмаркт ЖШС, Атомдық энергия институты, Ядролық медицина және онкология орталығы, "Семей инжиниринг" және өңірлік колледждердің өкілдері қатысты.

Ғылыми-зерттеу орталығын



құру Шәкәрім университеті мен «PlasmaScience» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық меморандумы аясында ұйымдастырылды. Бұл бастама іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде ғалымдар мен мамандардың күш-жігерін үйлестіруге ықпал етеді. Бүгінгі таңда аталған орталықта жалпы сомасы 300 млн. теңгеге жуық 4 жоба іске асырылуда.

Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы Бауыржан Ердембеков бірлескен тыңдырымды жұмыстың арқасында ашылған орталықтың маңыздылығына тоқталып, өңірлік ғылым саласын дамытудың бірден-бір мүмкіндігі жас ғалымдардың қолында екендігін тілге тиек етті.

Жобалардың арқасында орталық 3 зертханамен жабдықталды. 25 бірлік ғылыми жабдықтар мен зертханалық жиһаз сатып алынды. Қазіргі уақытта орталықтың құрамында университеттің жас ғалымдары, оқытушылары, докторанттары мен магистранттары қатарынан 9 қызметкер жұмыс істейді.

Ғылыми жобаларды іске асыру университеттің ғылыми әзірлемелерінің сапалы өсуіне әкеледі. Заманауи ғылыми жабдықтарды пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу орталығын орындау үшін білікті кадрлар даярланатын болады. Бұл өз кезегінде іргелі және қолданбалы зерттеулер кезінде ресурстарды біріктірудің жинақталған тәжірибесі жаңа материалдар мен конструкцияларды құрудың ауқымды міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Медиа орталық



БАРЫС ЖЫЛЫНДАҒЫ

2022 жыл Шәкәрім университеті үшін маңызды жыл болды. Басқарма төрағасы Бауыржан Ердембеков Франция еліне жұмыс сапарымен барып, бірқатар ЖОО-мен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Оқиғалар қалай дамыды? Университет өмірінде қандай өзгерістер болды? Шәкәрім шаңырағының 2022 жылғы тарих беттерін бірге бағамдайық.

Қаңтар

*«ЖОО үздік оқытушысы - 2021» байқауына университетіміздің атынан 8 оқытушы өтінім білдіріп, олардың 7-і үздік деп танылды. Өңірлік жоғары оқу орындары арасында бұл өте жоғары көрсеткіш. Соның ішінде, университетіміздің төрт оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» марапаттарының екінші мәрте иеленді.

*«Қазақ қайта өңдеу және тағам өндіріс ғылыми-зерттеу институтының» ЖШС Семей қаласы бөлімшесінде «Тағам өндірісінің технологиясы мен биотехнология» кафедрасының филиалы ашылды.

Ақпан

*«Шәкәрім гранты» жүлдесі үшін мектеп оқушылары арасында өткізілген пәндік олимпиадалар мен шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды.

*Шәкәрім университеті, Семей қаласының №3 жалпы орта білім беретін мектеп-кешені және «Семей инжиниринг» АҚ ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға қол қойылды.

*Шәкәрімдік профессор-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлім қызметкерлерінің арасында дәстүрлі спартакиада өтті. Спартакиадаға 9 спорт түрінен жиыны 400-ге жуық мамандар қатысып, ақшалай жүлдеге ие болды.

Наурыз

*Көрнекті жазушы, этнограф, баспагер, аудармашы «Зейнолла Сәнік атындағы Шетелдегі қазақ әдебиеті дәрісханасы» ашылды. Оның қажетті жабдықтауы қор демеушілігі арқылы іске асты.

*«№40 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Шәкәрім университеті және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Семей өңірлік филиалы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

*Университетіміздің студенті Роза Нысантайқызы дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Батыс Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылған ел біріншілігіне 14 облыс, Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларынан 450-ден астам татами шеберлері қатысты.

*Оқу орнында наурыздың 10 күндігі өзіндік болмыс-баяуымен, сән-салтанатымен тойланды.

*«Шәкәрім барысы» турнирі екі жылдық үзілістен кейін қайта жанданды. Турнирге алыс-жақын елді-мекеннен 50-ден астам бауандар қатысты.

Сәуір

*№9 оқу ғимаратында шәкірттерінің бастамасымен Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Елемес Төлеуұлы Төлеуовтың құрметіне ғылыми мектеп кітапханасы ашылды. Шара барысында «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің әлемдік азық-түлік хабына түрлендіру: алғы шарттары және болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы мен шахмат турнирі өткізілді.

*ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру және жастарды жұмыспен қамту мақсатында дәстүрлі бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 2500-ден астам білім алушы қатысты.

*Жаңаша форматта «I go to Shakarim» фестивалі өтті. Шараға 300-ге жуық мектеп оқушылары қатысты.

*Ғылым апталығында 40-қа жуық іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында TEDx үздік оқытушылардың дәрістері, Республикалық ғылыми және әдеби кітаптар көрме-жәрмеңкесі, А.С.Пушкин атындағы ШҚО кітапханасының ақпараттық ресурстарының презентациясы, Докторанттар мен магистранттардың постерлік баяндамасы, «Shakarim Quiz» студенттері арасындағы ғылыми-танымдық ойыны, «Science platform» кабинетінің ашылуы, «Жас ғылымдардың ғылымдағы кедергілерді жеңуі» дөңгелек үстелі, «Start-Up-Shakarim 2022» жобалар байқауының финалы, «Stem-Park» білім беру алаңы, «Shakarim-Inno 2022» студенттік ғылыми-практикалық конференциялары өтті.

*М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен «Тіл және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» туралы өзара ынтымақтастық Меморандумына қол қойды.

*Шәкәрім университеті мен Семей қаласы әкімдігінің Білім бөлімі жас педагог-практиктерді, педагог-ғалымдарды және білім беру мекемелерінің жас басшыларына «EdTalks - 2022» өңірлік форумын өткізді.

*Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, РФ профессоры Зейнолла Тоқаев атындағы мамандандырылған кабинет ашылды.

Мамыр

*Мемлекет басшысы Абай облысын құру туралы жарлыққа қол қойды.

*Шәкәрім университетінің делегациясы Орталық Азия елдері ректорларының форумына қатысты. Форум аясында Шәкәрім университеті Қырғыз Республикасы Ысқақ Раззақов атындағы Қырғыз мемлекеттік

техникалық университетімен, Өзбекстан Республикасы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен және Ишеналы Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

*Shakarim Forum жоғары білімдегі жаңа көкжиектер форумы өткізілді. 30-ға жуық іс-шаралар ұйымдастырылды. Форум аясында атаулы кабинеттер мен студия, конференц-залдың ашылу салтанаты, халықаралық-ғылыми тәжірибелік конференциялар мен дөңгелек үстелдер, жәрмеңкелер өтті.

*Талантты студенттердің оқу, қоғамдық қызмет, ғылыми жетістіктерін қолдау мақсатында «Үздік студент» жобасының жеңімпаздары анықталды. 100 үздік білім алушыға бір реттік шәкіртақы табыс етілді.

Маусым

*Ливан мемлекетінің Джуния қаласында жауынгерлік самбодан жасөспірімдер, жастар және ересектер арасында өткен Азия чемпионатында университет студенті Имаханов Есентай Азия чемпионы атанды.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірген 50 жылдық түлектер білім мен ғылымның қара шаңырағы – Шәкәрім университетінде бас қосты.

*Қабылдау комиссиясы жаңаша форматта өз жұмысын бастады. Науқан барысында студенттер тәулігіне 24 сағат бойы түлектердің сауалдарына жауап берді. 50-ге жуық білім алушыға алғыс хаттар мен бір реттік шәкіртақылар табыс етілді.

*Білім ордамында «Отандастар» Қорының «Киелі Қазақстан» жобасы аясында 9 мемлекеттің 30-дан аса білікті де табысты жастарымен кездесу өтті. «Отандастар қоры» мен Шәкәрім шаңырағы ұйымдастырған шараға Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан Түркия, Иран, Моңғолия, Ресей Федерациясы және Еуропа елдерінің диаспора өкілдері, университеттің қандас жастары, білім мен ғылым саласының қандас ғалымдары, қаланың ақын-жазушылары, жергілікті әкімдік және БАҚ өкілдері қатысты.


*Басқарма төрағасы - Ректор Бауыржан Ердембековтің халық алдында есеп беру кездесуі өтті. Жиында университеттің 2021-2022 оқу жылына шолу жасалынды:

- академиялық қызмет пен кадрлық әлеует;
- ғылыми-зерттеу қызметі;
- әлеуметтік-тәрбие қызметі;
- қаржы-шаруашылық жөнінде есебі тыңдалды;
- алдағы стратегиялық даму бағыттары таныстырылды.

*Серік Қоржықенов атындағы арнайы кабинет ашылды. Ұлағатты ұстаз 44 жылдан астам университет қабырғасында еңбек етті. Кабинет «Түлектер» қауымдастығы демеушілігімен жабдықталды.

*Шәкәрім университеті мен ҚР Журналистер Одағы Абай облыстық филиалының бірлескен «Shakarim Media Week – 2022» апталығы аясында өңірдің масс-медиа және коммуникация өкілдерінің диалогтық алаңы ұйымдастырылды.

*ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Рүстем Құрманов бастаған делегация жұмыс



БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР

сапарымен келді.

*Жас түлектерге диплом табыстау кеші ұйымдастырылды. 3000-ға жуық жас маманға диплом табысталды.

Шілде

*Шәкәрім университетінің студенті Роза Нысантайқызы Тайланд елінің Бангкок қаласында өткен Азия чемпионатында дзюдодан III орынға ие болды. Asian Judo Championships турниріне 16 мемлекеттен 200-ге жуық спортшы қатысты.

Тамыз

*Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туған күні Шәкәрім университетінде аталып өтті.

*Шәкәрім университетіне түскендердің 73%-ы мемлекеттік грант иегерлері. Бұл көрсеткіш университеттің сапалық деңгейін айқындайды.

*Шәкәрім университеті Оңтүстік Корея Республикасындағы танымал Kyungdong University Global делегациясын қабылдады. Кездесу барысында тараптар тәжірибе алмасу, білім және ғылым саласындағы қазақстан-корей ынтымақтастығының даму келешегін талқылап, ынтымақтастық туралы жаңа Меморандумға қол қойды. «Korean Studie» қосдипломды білім беру бағдарламасының тұсауы кесілді.

*Оқу орны делегациясы жоғары білім беру мен ғылымның алғашқы қазақстандық форумына қатысты.

Қыркүйек

*«Білімді жастар – болашаққа бастар жол!» апталығы аясында orientation week апталығы басталды.

*Білім ордамызда Білім күні аталып өтті. 3000-ға жуық білім алушы 1 курс студенті атанды.

*Orientation week бағдарламасы аясында Студенттік Парламенттің бастамасымен білім алушыларға арналған университет ректоры Бауыржан Ердембековтің "Шәкәрім ғұмырнамасы" дәрісі өтті.

*Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына арналған «Мұхтар Әуезов және ұлт өркениеті» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция жұмысына Нидерланды, Түркия, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан және т.б. елдер қатысты. 11 сынып оқушыларына арналған олимпиада өткізілді. Бас жүлде – грант. Мектеп мұғалімдеріне арналған семинар-тренингтер, кафедра филиалы ашылды, «Шәкәрімтану мәселелерінің» 7-томы жарық көрді. «Семей рухы» кешенді жобасының бір тармағы «Киелі орындар», яғни, Алаш арыстарының, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтің өмірлерімен байланысты жерлерді анықтау жоспарланды.

*«Әлеуметтік кредит» жобасы іске қосылды. Білім алушыларға 10 әртүрлі бағыт бойынша 400 қызмет түрі ұсынылды.

Қазан

*Елге танымал азамат, университет түлегі Балтабек Мұқашев «Bbc World History Magazine» басылымының қазақ және орыс



тілдеріндегі журналдың таныстырылымын Шәкәрім университетінен бастады. Жоба авторы Балтабек Құмарұлы мазмұнды басылымның таныстырылым рәсімін өткізіп, Ғылыми кітапханаға журналдардың және құнды кітаптардың бірнеше данасын сыйға тартты.

*Республика күні қарсаңында Шәкәрім университетінде шағын футбол алаңының салтанатты ашылуы өтті. шара барысында Shakarim University мен «Елім-Ай» ФК өзара серіктестік туралы меморандумға қол қойды.

*Shakarim University Семей қаласының білім бөлімі «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ» КММ-мен бірге «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды.

*Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтының 70 жылдығы мен ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Тоқаев 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Мерейіті аясында 20-ға жуық іс-шаралар ұйымдастырылды.

*ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек киелі Абай елінің қарашаңырағы Шәкәрім университетіне жұмыс сапарымен келді.

*ЖОО студенттері мен оқытушыларын тәжірибе мен біліммен бөлісетін шетелдік мамандар Шәкәрім университетіне келді. Олар АҚШ, Түркия, Венгрия елдерінің профессор-оқытушылар құрамы.

Қараша

*Жарма ауданында «Шәкәрім керуені» жобасы басталды. Шара аясында Басқарма төрағасы Бауыржан Ердембеков пен Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы Білім бөлімінің басшысы Қанат Шаймұратов өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жоба барысы Аяғез, Үржар, Абай, Көкпекті, Ақсуат және т.б. аудандарында жалғасын табады.

*Шәкәрім университетінің өнерлі қыздары жиналған «VIRUS» командасы Өскемен қаласында өткен «DANCE RUSH» халықаралық хореографиялық өнер байқауының жеңімпазы атанып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

*Шәкәрім университеті серіктестерімен

бірге ашылған "Centrium" балалар, жасөспірімдер және жастарды дамыту орталығының тұсаукесерін өткізді. Орталық пен оқу орны өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Желтоқсан

*Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Ердембеков Францияның жетекші оқу орны Леонардо Да Винчи менеджмент мектебі мен Париж саяси зерттеулер институты басшылығымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, серіктестіктің жаңа стратегиялық бағыттарын белгіледі. Қос дипломды білім беру бағдарламалары келісіміне сәйкес Шәкәрім университетінің білім алушыларына қазақстандық диплом мен француз университетінің дипломын алуға бірегей мүмкіндік туды. Бакалавриатта оқыту 3+2, ал магистратура бағдарламалары 1+1 моделі бойынша жүзеге асырылады.

*Футзалдан аймақтық студенттер лигасы өтті. Лигаға Павлодар, Өскемен, Семей қалаларынан 6 команда қатысты. Шәкәрім футбол командасы сәуір айында республикалық лигада өнер көрсететін болады.

*Павлодар қаласындағы «Баянтау» спорт сарайында бокстан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Шәкәрім университетінің студенті Ерасыл Жақпеков 80 кг салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Университет студенті Алтынбек Қалмақбаев Өлем чемпионатында қола жүлдеге ие болды.

*Шәкәрім университетінде «Дзюдодан жоғарғы оқу орындарының студенттері арасында республикалық турнир» өтті. Жарыс биыл екінші мәрте ұйымдастырылды. Байрақты бәсекеде Астана, Алматы, Павлодар, Өскемен, Семей қалаларының балуандары бақ сынады.

*Шәкәрім университетінің ұсынуымен Қалалық мәслихаттың шешімімен ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Зейнолла Тоқаевқа «Семей қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

Қорыта келгенде, бұл Шәкәрім шаңырағының барыс жылғындағы басты жетістіктері. Келер Қоян жылына артыр үмітіміз бен сеніміміз көп! Жаңа жыл табыс пен жетістіктерге толы болсын!



«ӨМІР БОЙЫ ОҚУ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасына» негізделеді және негізгі үш бағыттан тұрады:

I. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ КУРСТАРЫ педагогикалық қайта даярлау қағидаларына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы) сәйкес педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін адамдар үшін ақылы негізде өткізіледі.

Тыңдаушылар 6 ай білім алып, 45 кредиттік курсты меңгеруі қажет. Оқыту қазақ, орыс тілдерінде, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану негізінде жүргізіледі. Курстар Жоғары білім беруді басқарудың ортақ жүйесі тізіліміне енгізілген 15 білім беру бағдарламасы (ББ) бойынша жүзеге асырылады.

Іс-шара	Іс-шара саны (ақылы/тегін)	Тыңдаушылар саны (ақылы/тегін)	соның ішінде	
			Пед. бағыт бойынша адам саны (ақылы/тегін)	Пед.емес бағыт бойынша адам саны (ақылы/тегін)
БА курстары	32/4	399/74	222/25	177/49
Тағылымдама	22/0	30/0	12/0	18/0
Семинар-тренинг	1/2	19/21	0/11	19/10
Барлығы	55/6	448/95	234/36	214/59

2022 жылдың 30 мамыр-10 маусым аралығында тұңғыш рет мектеп оқушыларына арналған екі апталық 45 сағаттық «ЖАЗҒЫ МЕКТЕП-2022» жұмысы ұйымдастырылды. 24 мектеп оқушысы (19-ы НЗМ оқушылары, 5-і қаламыздағы №3, 11, 30 және Быхин орта мектептерінің оқушылары) жаратылыстану-ғылыми бағыттағы теориялық білімдерін тереңдетіп, тәжірибелік дағдыларын 4 бағыт бойынша дамытты.

Сонымен бірге осы жылы сыртқы академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында өз білім алушыларымызға арналған ағылшын және түрік тілдерін оқыту курстары жүргізіле бастады. Қазіргі таңда барлығы 24 студент 30 пайыздық жеңілдікпен тілдік құзыреттіліктерін жетілдіруде.

2) Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады. Ол негізгі екі бағытты қамтиды: мамандық (бейін) бойынша және әдістемелік тұрғыдан дамыту. Сонымен бірге құрылым басшыларына басқару менеджменті бойынша да курстар ұйымдастырылады.

2022 жылға бекітілген жоспарға сәйкес 70-ке жуық оқытушы мен қызметкер өз бейіндері бойынша Астана, Алматы, Қарағанды т.б. қалаларда offline форматта курс өтсе, 25 педагогикалық емес бағытта сабақ беретін оқытушы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы ШҚО бойынша кәсіби даму институтының спикері өткізген әдістемелік бағыттағы курста біліктіліктерін жетілдірді.

2022 жылдың 28 ақпан - 20 сәуір аралығында ұйымдастырылған Назарбаев университетінің «Білім берудегі көшбасшылық» семинарына университет басшылығы, құрылымдық бөлім басшылары, профессор-оқытушылық құрамнан 49 адам қатысып, арнайы сертификатқа ие болды.

Университет оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, жаңа оқу жылына дайындық жүргізу мақсатында 22.08-27.08.2022 уақыт аралығында «Жазғы мектеп» жұмысы бірнеше бағыт бойынша ұйымдастырылды. Оған 200-ге жуық оқытушы қатысты.

05.09.-16.09.22 уақыт аралығында «Педагогикалық шеберлік орталығының» Өскемен қаласы бойынша филиалы өткізген «Қолданбалы зерттеулер әдіснамасы» тақырыбындағы курсқа 9 оқытушы қатысып, арнайы сертификаттарға ие болды.

2022 жылдың қазан айынан бастап университеттің профессор-оқытушылық құрамына арналған ағылшын тілінің деңгейлік (Elementary, Pre-Intermediate, Intermediate) тегін курстары басталды. Курсты университетіміздің тәжірибелі оқытушылары жүргізуде. Сонымен бірге АҚШ-тың «Fulbright» бағдарламасы бойынша білім ордамызда еңбек етіп жүрген ерікті Эмма Ларсон да Pre-Intermediate, Intermediate деңгейлерінің тыңдаушыларына Speaking club өткізуде. Курсқа жазылған оқытушылардың көпшілігі

2022 жылы педагогикалық қайта даярлау курстарын 7 ББ бойынша барлығы 19 тыңдаушы аяқтап, арнайы сертификатқа ие болса, 9 ББ бойынша 32 тыңдаушы оқуға қабылданды.

II. Үздіксіз білім берудің формальді емес бағытының бір түрі – БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ. Орталық біліктілікті арттыру курстарын екі бағытта жүзеге асырады: 1) Өз құзыреті аясында әртүрлі бағыттарда біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады. Курстар 36, 48 және 72 сағат көлемінде, online және offline форматында, қазақ және орыс тілдерінде, педагогикалық, ветеринарлық, техникалық, аграрлық, қаржы-экономикалық т.б. бағыттар бойынша ақылы өткізіледі. 2022 жылы 550-ге жуық маман Шәкәрім университетінде біліктіліктерін арттырып, арнайы сертификаттарға ие болды.



университетіміздің кадрлық резервін құрайтын талапты да білімді жас мамандар қатарынан. Оларды кәсіптік бағдарлау, бейімдеу, әлеуетін көтеру үшін университет тарапынан бар мүмкіндіктер жасалуда.

III. КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ - «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасы аясында зейнет жасындағы (63+) тұлғалардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, аға буын азаматтарын қолдауға бағытталған қызметтің жаңа нысаны.

Ол 8 кластер бойынша өз қызметтерін ұсынады: цифрлық сауаттылық, психологиялық саулық, құқықтық сауаттылық, қаржылық сауаттылық негіздері, музыка және дизайн, денсаулық пен қауіпсіздік, тілдік курстар, ветеринария және агроменеджмент.

«Күміс университет» жұмысын жандандыру мақсатында 05.04.2022 ж. Шәкәрім университеті мен «Семей қаласының №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Қазіргі таңда Күміс университетте тыңдаушылар таңдауы бойынша бірнеше кластер бойынша білім беру бағдарламалары тегін жүзеге асырылуда. Жиырмадан артық тыңдаушы қазақ, түрік, ағылшын тілдері, цифрлық сауаттылық және психологиялық саулық курстарында қамтылған.

2022 жыл Орталық үшін жаңа бастамалар жылы болды. Біршама шаралар ұйымдастырылып, жақсы нәтижелерге де қол жеткізілді. Келе жатқан 2023 жылы да белгіленген бағыттар бойынша жұмыстар жалғастырылып, бастамаларды жетістікке ұластыру бойынша жүйелі шаралар өткізу жоспарлануда.

Гүлнұр САГНАЕВА,
Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы



ПЕРВЫЙ ФОРУМ РЕКТОРОВ АГРАРНЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ СТРАН ШОС И ФОРУМ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИХ ИННОВАЦИЙ И РАЗВИТИЯ

Впервые, Университет имени Шакарима, принял участие в международном форуме по сотрудничеству стран ШОС в области образования, науки и технологий сельского хозяйства. Форум был приурочен в 20-летию образования ШОС и организован ректором Северо-Западного университета сельского и лесного хозяйства - ВУ Путэ. В рамках соглашения о добрососедстве стран ШОС в научно-исследовательской и образовательной деятельности участвует 78 университетов из 6 стран (Казахстан, Киргизстан, Китай, Таджикистан, Россия и Белоруссия) по 7 приоритетным направлениям - IT-технологии, нанотехнологии, педагогика, регионоведение, экология, экономика, энергетика. Форум проводился в форматах онлайн и оффлайн с участием представителей из Казахстана, Китая, России, Пакистана, Таджикистана и Узбекистана. С приветственным речами выступили Вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан -



БЕКБАУОВ Баглан Абдашимович, заместитель генерального секретаря ШОС - КЕИН Джанеш, Проектор по международной деятельности Российского университета дружбы народов, Руководитель международного ректората Университета ШОС - ЕФРЕМОВА Лариса Ивановна,

ректор Северо-Западного университета сельского и лесного хозяйства - ВУ Путэ, Заместитель директора Департамента международного сотрудничества и обменов Министерства образования КНР - СИ Жу, и другие деятели КНР - была отмечена стратегическая важность всестороннего развития и поддержки стран-участниц ШОС по приоритетным направлениям инициативы "Один пояс и один путь". Намечены пути дальнейшего взаимодействия и расширения сотрудничества. Было сообщено, что в рамках соглашений и инициатив ШОС было профинансировано открытие сельскохозяйственной и лесной лаборатории в ВКО с оборудованием на сумму 11,15 млн. юаней. Китай выразил готовность к поддержке научно-исследовательских проектов и инициатив.

В рамках проводимого форума ректором Университета имени Шакарима ЕРДЕМБЕКОВЫМ Бауржаном Амангельдыевичем был торжественно подписан меморандум о сотрудничестве с Северо-Запад-

ным университетом сельского и лесного хозяйства, КНР. Данный меморандум позволит расширить научную и академическую деятельность, а также предоставит возможность мобильности между двумя ВУЗами.

Также в ходе Форума были подписаны меморандумы о взаимопонимании между ВУЗами КНР, Таджикистана и Узбекистана.

В части тематических докладов ректора аграрных университетов стран ШОС были представлены доклады 18 ВУЗов. В докладах были обозначены текущие проблемы с изменениями в климате, необходимость совместного подхода в решении общих научно-исследовательских задач. Доклад о деятельности и важности сотрудничества Университета имени Шакарима с Университетом ШОС доложила Член Правления - проректор по науке и инновациям Университета имени Шакарима КАЛИБЕККЫЗЫ Жанар.

Руслан КИМ,
старший координатор
Центра международного
сотрудничества

ВПЕРВЫЕ РЕАЛИЗУЕМЫЕ ПРОЕКТЫ ПОСТДОКТОРАНТУРЫ

В Университете Шакарима в настоящее время выполняется 5 проектов в рамках постдокторской программы по 4 направлениям. По поручению Президента в рамках программы «Жас ғалым» выделено 1000 грантов, благодаря чему впервые в нашем университете реализуются постдокторские проекты. Сумма финансирования каждого проекта составляет

Проекты осуществляются под руководством научных консультантов, которыми являются ведущие ученые университета. В период реализации проекта постдокторанты приобретают оборудование необходимое для выполнения запланированных задач, публикуют статьи в высокорейтинговых журналах и получают патенты.

Аманова А. изучает профессиональные компетенции педагогов высшего и послевузовского образования в условиях форс – мажорных ситуаций, обобщение и распространение положительного опыта по организации учебного процесса в форс – мажорных условиях.

Байкадамова А. совершенствует технологию получения мясокостной пасты из реберных и позвоночных костей крупного рогатого скота и обеспечение пищевой безопасности ее использования в производстве мясных продуктов.

Джумажанова М. на основании теоретических и экспериментальных исследований разрабатывает технологию производства

**post
docs
SHAKARIM
UNIVERSITY**

питьевого йогурта с инкапсулированными пробиотиками для функционального питания.

Жанкадамова Г. в ходе реализации проекта определит новые архивные документы по депортационным процессам на территории восточного Казахстана и их отражение в исторической памяти (1937-1956 гг.).

Тохтарова С. разработает теоретические и экспериментальные способы (основы) комплексной переработки крови убойных животных.

Также все докторанты преподают дисциплину на кафедре в количестве 3 кредитов ECTS в каждом семестре в период выполнения проекта.

В ходе реализации проекта, постдокторанты преподают одну дисциплину суммарным объемом учебной нагрузки 3 кредита (в каждом семестре) по Европейской системе перевода и накопления кредитов (ECTS) весь период реализации проекта.

В текущий конкурс на грантовое финансирование молодых ученых по проекту «Жас ғалым» на 2023-2025 годы отправлено 14 заявок.

В университете создаются условия для выполнения научных исследований молодых ученых, помимо республиканских конкурсов, в университете также проводится конкурс на внутривузовское финансирование проектов.

Асемгуль БАЙКАДАМОВА,
и.о. руководителя центра
коммерциализации и инновации



БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТАРИХЫ: ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ «АМАНГЕЛДІ ИМАНОВ» ПОРТРЕТІ

Отандық бейнелеу өнері тарихында Кеңес дәуіріне дейінгі уақытта Шоқан Уәлиханов, Тарас Шевченколар қазақ даласындағы сол заманның тұрмыс тіршілігінен мол хабар беретін деректік, әрі бейнелеу өнері үшін маңызды болып саналатын мұра суреттер мен картиналар қалдырды.

Ал Кеңес заманында, нақты айтқанда ХХ ғасырдың 20-шы жылдары кескіндеме мен графиканың кәсіптік шеберлігін меңгерген жас суретшілер шоғыры қалыптасқан болатын. Олардың ішінде – Әбілхан Қастеевте бар. Жастайынан сурет салуды жанына серік еткен қазақ кескіндемешісі өте еңбеккер болған деседі. Өзі кескіндеп салған көркем туындыларының ауа перспективасын дәйектеуден бастап, жекелеген ұсақ детальдар беру суретшінің асқан табандылығын көрсетсе керек. Оған қоса кескіндемешінің виртуоздық шеберлігін ескеретін болсақ, өз ісінің нағыз майталман маманы екендігін көреміз.

Суретшінің аса танымал картиналары «Колхоздағы сүт ферма», «Мақта жинау», «Колхоздың тойы», «Қыз алып қашу», «Сатып алынған қалыңдық», «Алтын астық», «Ақсай қарвері», «Медеу мұз айдыны», «Түркісіб», «Талас жағалауы», «Қапшағай даласы». Сонымен қатар Кенесары Қасымов, Абай, Шоқан Уәлиханов, Жамбылдың портреттері; оның ішінде ерекше танымалы – «Амангелді Иманов» портреті.

Жалпы суретші қазақ бейнелеу өнеріне ойып тұрып орын алатын, әрі аса маңызды құнды дүниелерді дүниеге әкелді. Сонау ХХ ғасырдың 30-40 жылдары Қазақстан бейнелеу өнеріне тың, әрі таңсық өзінің аса мөлдірлігімен ерекшеленетін акварель кескіндеме техникасын жоғары шеберлікпен орындаған.

1941 жылы «Мен өмірден үйрендім» суретін салуға талпынушы балаларға арнаған естелік мақаласында өзінің бейнелерін еш жалықпай тасқа сала бергендігін айтса, ал кәсіби суретшілік кезінде Мәскеудегі оқып үйренген сәттерін баяндайды. Әсіресе мына естелік сөздер біз үшін маңызды. «Мәскеуде оқыған кезімде Суриков, Репин, Бродский сияқты атақты суретшілердің еңбектерімен жете таныстым, олардан үйрендім. Мәскеу маған университет болды» деп өз ойын еш бүкпесіз айтқан болатын.

Орыс халқында бейнені таза әрі, аса сезімтал түрде бейнелейтін суретшілердің бірі әрі бірегейі И. Репин болды. Оның акварель техникасындағы портреттері көп. Адам көңіл-күйін айнытпай бейнеленген сол суреттер ішкі психикалық қарама-қайшылықтарға толы. Осы портреттік ту-

ындылар Әбілханға да әсер еткен болса керек. Әсіресе осы жағынан алғанда 1930 жылы салған «Сағымбек Қисықбаевтың портретінде» ішкі жан-дүние өте дәл бейнеленген.

Жалпы портрет «кеңестік идеология» тақырыбында салынғаны көрініп тұр. Сол уақыттығы бай-мырзаларды шенеп көрсету үрдісі кең орын алған. Алайда суретші идеологиялық сипаттан гөрі, осы бейнеден адам мінезін мейлінше ашуға тырысқан. Күнделікті тұрмыс-тіршілік пен үнемі қайталанып отыратын дүниеқорлық дағды Сағымбек Қисықбаевтың беті жүзінен қалай болған да байқалып қалады. Суретші оның «пұшайман» бейнесін дәл көрсеткен. Ал ол өз кезегінде картина «кеңестік идеология» тақырыбына өте сай келген. Бірақ суретші үшін «кеңестік



идеология» тақырыбы емес, керісінше адам көңіл-күйінің мезеттік бейнесі қымбат болғанға ұқсайды.

Келесі Әбілханның қазақ сарбаздарының рухын көтеру және «кеңестік идеология» мақсатында қазақ тарихында болған 1916 жылы көтеріліс көсемі Амангелді Иманов портретін салуы. Ол картинаның салыну тарихы өз алдына бөлек дүние.

Осы орайда «Өнер және музыка» кафедрасының екінші курс тобының студенттері аталмыш кафедрадағы «Ша-



быт палитрасы» студенттік ғылыми үйірме негізінде университеттің Ғылыми қызметті басқару бөлімінің ұйымдастырумен өткен «Болашаққа оралу» ғылыми-театрлық бейне-байқауына қатысқан болатын.

Архивтік деректерді қолға ала отырып студенттер, кезінде Компартияның нұсқауымен көтеріліс басшысы болған Амангелді Иманов портретін салуды Әбілханға тапсырған деген дерек барысында бейне-ролик жасады. Ең бастысы картинаның салынуы бойынша Амангелдінің келбетін салуда хас шебердің өзінше тәсіл ұстанғанын студенттер рөлдік түрде ашуға тырысты. Ол тәсіл бойынша Әбілхан Қастеев бейнені кескендеуде оның ағайын-туыстарынан батырдың қандай түр сипатта болғаны бойынша сомдаған. Сөйкесінше, көтеріліс көсемінің бейнесі туыстарының айтуымен жиырмаға жуық ізденістік этюдтер салынып, батырдың Ұлттық құндылық дәрежесінде саналатын жиынтық портреті дүниеге келді. Студенттер осы тұста жіті назар аударып, актерлік шеберлікті бейне көрініске қосты.

Нәтижесінде, аталған бейне-ролик байқауының жеңімпазы атанды.

Өнер тарихы, оның ішінде отандық бейнелеу өнері тарихы үлкен ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Сондықтан осы байқаудың жүлдегерлері болашақ өнертану ғылымының зерттеушілері болатындығына көміл сенемін.

Айдана БОЛАТОВА,
Гуманитарлық-экономика
факультетінің студенті



Какой стол накрыть в год Кролика? Новогоднее меню-2023

Чтобы привлечь удачу в будущем году, оформить праздничный стол можно в соответствии с предпочтениями символа наступающего 2023 года. Что следует учесть и как задобрить Кролика, сейчас расскажем!

Кролики по восточному календарю бывают разными – Земляной, Золотой, Деревянный, Огненный. В наступающем году, с 22 января, покровительствовать будет Водяной Кролик, а сопутствовать ему будет черный цвет. Счастливыми цифрами считаются три, четыре и шесть, а также числа с их комбинациями (64, 43 и т.д.). Наступающий год обещает быть стабильным, спокойным и не нести больших потрясений. Считается, что характер животного, который будет покровительствовать, влияет на весь год. В цветовом оформлении праздничного стола лучше всего отдать предпочтение красному, синему, фиолетовому и розовому. Эти цвета приносят удачу в будущем году. А вот от классической золотой и белой цветовой гаммы лучше отказаться. Темно-коричневый, темно-желтый и белый не будут удачными. Это вовсе не значит, что вам нужно полностью обновлять посуду или текстиль, чтобы угодить Кролику, однако небольшие цветочные детали – салфетки, бокалы, свечи и т.д. – можно добавить на стол. А еще прозрачные элементы, как дань стихии воды, и небольшие фигурки кролика.

В выборе наряда для праздничного вечера можно также ориентироваться на счастливые цвета. Черный прекрасно подойдет, ведь это цвет самого Кролика. Украшения лучше выбрать блестящие или прозрачные. Простота и натуральность – лучшие спутники будущего года. Отдайте предпочтение натуральным тканям и не слишком вычурному дизайну. При подборе праздничного меню стоит учесть вкусы покровителя не только будущего года, но и уходящего. Тигру, как символу 2022 года, стоит посвятить пару мясных блюд. А вот чтобы задобрить Кролика, самое главное – это не подавать на стол его самого, блюда из крольчатины лучше не включать в меню. Морковь, зелень и злаки – отличные ингредиенты, с которыми можно придумать множество разных блюд. Это не значит, что на гарнир нужно подавать кашу, но включить закуску или салат с отварным рисом, кускусом или булгуром, например, вполне можно.

ФАРШИРОВАННЫЕ ЯЙЦА «КРОЛИКИ»

Вы можете использовать как рецепт целиком, так и лишь идею оформления. Приготовить такие яркие фаршированные



яйца можно с абсолютно любой начинкой по вкусу.

- Ингредиенты: ● Яйцо – 5-6 шт.;
- Крабовые палочки – 3 шт.;
 - Плавленный сыр – 1 шт.;
 - Морковь – 1 шт.;
 - Свежий огурец – 1 шт.;
 - Соль, перец, майонез и зелень – по вкусу.

Отварите заранее в подсоленной воде яйца, остудите и очистите. Аккуратно разрежьте пополам, извлеките желтки. На мелкой терке натрите крабовые палочки, сыр и желтки. Заправьте майонезом, приправьте солью и перцем по вкусу, тщательно перемешайте. Готовую начинку отсадите в половинки белка с помощью кондитерского мешка или чайной ложки. Нарежьте тонкими ломтиками огурец и морковь. Горошинками перца сделайте нос и глазки кролика. Ушки – морковь и огурец. Немного зелени в качестве усов и закуску можно подавать к столу.

ОЛИВЬЕ «КРОЛЬЧИХА»

Традиционный новогодний салат в этот раз можно подать в виде милой подружки кролика.

- Ингредиенты:
- Картофель – 3 шт.;
 - Солёный огурец – 2-3 шт.;
 - Яйцо – 7 шт. (3 белка для декора);
 - Морковь – 1 шт.;
 - Горошек консервированный – 1 банка;
 - Вареная колбаса – 200 грамм;
 - Соль и майонез – по вкусу;
 - Маслины – для декора.



С процессом все стандартно – отварите в подсоленной воде картофель, морковь и яйца, остудите все и очистите. Отделите три белка и отложите в сторону. Отрежьте пару ломтиков моркови и колбасы и отложите для украшения. Нарежьте все ингредиенты небольшими кубиками, добавьте горошек, заправьте майонезом, приправьте солью по вкусу и перемешайте. Выложите салат на тарелку для подачи, формируя мордочку и ушки. Натрите на терке отложенные белки и присыпьте ими салат. После сделайте ушки, носик и щечки из колбасы, рот и заколку из моркови, глазки и ресницы из маслин. Украсьте салат и подавайте.

НОВОГОДНИЙ ТОРТ

А завершить праздничный вечер можно ярким бисквитным тортиком.

Ингредиенты:

Для теста:

- Яйцо – 4шт.;
- Сахар – 150 грамм;
- Мука – 130 грамм;
- Соль – 1 щепотка;
- Растительное масло – 1 ч. л.

Для крема:

- Сметана – 500 грамм;
- Сахар – 100 грамм;
- Загуститель для сметаны – 2 пакетика;

Пищевой краситель черный и оранжевый – для декора.

Соедините сахар, яйца и щепотку соли, взбейте до пышности. Постепенно всыпьте просеянную муку. Готовое тесто переложите в смазанную маслом жаропрочную форму. Отправьте бисквит в разогретую до 180 градусов духовку примерно на полчаса. Бисквит должен хорошо подняться и быть румяным. Остудите его хорошо и нарежьте на три коржа. Для приготовления крема взбейте сметану с сахаром и загустителем до пышности. Отложите немного крема и соедините с черным красителем, перемешайте. Еще немного крема окрасьте оранжевым. Из одного коржа бисквита вырежьте уши. Выложите на тарелку рядом с нижним коржом. Покройте корж кремом, затем выложите второй корж. Отсадите снова крем и приступайте к декору – оранжевым и черным кремом нарисуйте ушки и мордочку. С наступающим Новым годом! Пусть Кролик приносит вам только удачу и счастье!

Страницу подготовила
Замира МУРСАЛИМОВА



ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Қазақты әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған ол – біздің ұлттық құндылықтарымыз. Олар: салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен мәдени мұраларымыз, тіліміз, ұлттық қолөнер мен ұлттық киімдеріміз, ұлттық тағамдар мен ұлттық ойындарымыз. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрімізге, қазақтың мәртебесін көтеретін мұраларымызға құрметпен қарап, оларды қастерлеу – барша Қазақ елінің міндеті.

Адам баласы қашанда тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие еліміздің, ұлтымыздың бүгінгі мен болашағы баянды болу үшін қажет. Сондықтан да алдымен, бүгінгі қоғам келбетімен

үндесетін ұлт болашағының бағытын анықтап алу керек. Әр ұлттың баяғы заманнан келе жатқан тәрбиелеу жүйесінің өзіндік жолы бар. Тәрбие ұлттық табиғи тамырынан кіндік үзсе, тәрбиелік қасиетін жоғалтады. Сондықтан оны рухани тұрғыда ұлт тағдырымен байланыстыра отырып, бүгінгі қоғам келбетімен санаса отырып, алға бастыру қажет.

Жер-жаһанда қазақтан асқан қонақжай халық жоқ десе болар. Қазақ жерінде болған поляк саяхатшысы А. Янушкевич: «Дүние жүзін қазақ жайласа, жер шарын төгін айналып шығар едім», – деп қазақ халқының қонақжайлығына тәнті болған. Қонақжайлылық – қазақ халқының сүйегіне сүтпен сіңген қасиет. Бұл қасиет қазақты өзге

ұлттан ерекшелеп, мәртебесін биіктетіп тұрады.

«Ел боламың десең – бесігінді түзе» демекші салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызды жастардың бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту қажеттігі. Қоғамдық жағдайлар күн өте ауысқан сайын ұлттық құндылық дағдарысы басым болып келеді. Бұл дағдарыс ой дағдарысына әкеледі. Ұлттық құндылықтардың біртектілігін сақтаудың бірден бір жолы. Тілдің жойылуы – ұлт жойылуының негізі.

Әлемді өзгерту үшін өзімізден, ортамыздан бастауымыз керек. Өзіміздің оқу ордам да ұлттық құндылыққа аса көп көңіл бөледі. Шынымен де, әр саналы азаматтың басты мис-

сиясы – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген Абай аңсаған кемел адамды қалыптастыру. Мәселен, қазақы нақыштағы киім, әшекейлерді тек Наурыз мерекесінде ғана емес, арнайы әр аптаның бейсенбі күні киюді бастадық. Сылдыраған әшекей мен қазақы нақышта өрнектелген әр киім кез келген адамның бітім-болмысын айшықтай түсетіні сөзсіз!

Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасаты ой толғаныстары күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды.

Еркеназ ШАҒЫМАНОВА,
Филология
факультетінің
2 курс студенті

ЖАСТАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жастардың жетістіктерін және тәрбие жұмысының тиімділігін диагностикалау жүйесі (КРІ) – Шәкәрім университетінің мамандарының авторлық жобасы.

Жоба 2021 жылы қолданысқа енгізілді. Ол студенттердің оқу, қоғамдық қызмет, ғылыми жетістіктерін және университеттің ар-намыс кодексін сақтауына байланысты студенттердің жетістіктерін саралайды.

Жоба туралы ереже сәйкес жетістіктерді есептеу жүйесі келесі реттілікте жүзеге асады:

1. Студент <http://top100.shakarim.kz> сайтына (логин және құпия сөз <http://ais.semgu.kz> порталымен бірдей) тіркеледі.

2. Қажетті көрсеткішін таңдайды (мысалы: шет тілі деңгейін растайтын сертификаттың болуы, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алу, есептік оқу жылында жарияланған ғылыми мақалалар, спорт шебері, т.б.), жетістікті дәлелдейтін фото-сурет немесе сілтеме. Сонымен қатар растау құжаты ретінде Басқарма мүшесі - проректордың өкімі қабылданады. Командалық нәтижелерді ұсыну кезінде фотосуретпен қатар студенттің қатысуын растайтын бекітілген тізім ұсынылуы тиіс.

3. Әр көрсеткіш бойынша студенттердің ұсынған жетістіктерін саралау үшін университеттің құрылымдық бөлімдерінен жауапты мамандар бекітіледі (мысалы: академиялық бағыттағы көрсеткішке Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы, ғылыми-зерттеу бағытындағы көрсеткішке Ғылыми қызметті басқару бөлімі, спорттық, қоғамдық және



шығармашылық бағыттағы көрсеткішке Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімі). Жауапты мамандар <http://top100.shakarim.kz/moderator> сайты арқылы ұсынылған жетістіктердің аталған талаптарға сәйкестігін тексереді.

Студенттердің жетістіктері 4 бағыт бойынша автоматты түрде аналитикалық талдау жасалынады. Қорытындыға сәйкес келесі оқу жылына жоспар әзірленгенде ескеріледі. Факультеттер бойынша оқу жетістіктері мен тәрбие жұмысы сараптамасы көрсетіледі. Студенттердің белсенділігі оқу курстары бойынша жасалады. Аналитикалық талдау нәтижесі бойынша белсенділердің көбі 2 және 3 курс студенттері екендігі байқалды.

Өткен жылғы нәтижелерге сүйенетін болсақ, мамандықтар бойынша ең белсенділер: ветеринария, шет тілі мұғалімдерін даярлау және музыка мұғалімдерін даярлау мамандықтарының

студенттері. Өсімдік шаруашылығы мамандығы бойынша білім алушылардың 35%-ы белсенді.

2021 оқу жылының көрсеткіші бойынша «Үздік 100 студент» тізімі жарияланды. Жыны 1000-ға жуық студент өтініш жіберді. Ең жоғары балл жинаған студенттер Университеттің кадрлық резервіне кірді, тізім ресми сайттың «Жастар саясаты» бөлімінде көрсетілген.

Алдыңғы жылдың көрсеткіш қорытындысы бойынша, бірінші орында қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс мамандығының 3-курс студенті Сүлейменов Нұрбол Ерболұлы көшбастады. Алайда, бұл көрсеткіш күнделікті, студенттердің белсенділігіне қарай ауысып отыруы мүмкін. Білім алушы сол жағында ескеруі тиіс.

Жоба ағымдағы оқу жылында да өз жалғасын табады. Жобаның алғашқы жылындағы нәтижелерді саралау келе биылғы жылы бірқатар өзгерістер енгізілді. Оның ең үлкені – есептеу жүйесі. Былтырғы жылы студенттердің бағыттары бойынша жетістігіне сәйкес балдар жинақталып қорытынды әзірленген болса, биылғы жылы арнайы формула бойынша барлық санды қамту көрсеткіші шығарылды. Яғни, биылғы үздік атанатын студенттер жан-жақты, түрлі саланы қамтыған болуы тиіс. 2022-2023 оқу жылында да үздіктерді марапаттау шаралары жоғары дәрежеде болады деп күтілуе.

Камула БАКЕНОВА,
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің маманы



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мұратжан МҰРАТОВ

semgu_2020@bk.ru

<http://shakarim.edu.kz/>

@shakarim_university_

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ медиа орталықта басылып шығарылды. Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а